

**Ақмола облысы әкімдігінің 2008 жылғы 17 сәуірдегі № А-3/134 "**

**Жекешелендіруге жататын коммуналдық меншік нысандарының тізбесін бекіту туралы"**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы әкімдігінің 2010 жылғы 23 тамыздағы № А-8/305 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 14 қыркүйекте № 3371 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2011 жылғы 6 сәуірдегі № А-3/112 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2011.04.06 № А-3/112 қаулысымен .*

«Жекешелендіру туралы» 1995 жылғы 23 желтоқсандағы, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақмола облысы әкімдігінің «Жекешелендіруге жататын коммуналдық меншік нысандарының тізбесін бекіту туралы» 2008 жылғы 17 сәуірдегі № А-3/134 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3250 болып тіркелген, 2008 жылғы 20 мамырда «Арқа ажары» газетінде және 2008 жылғы 20 мамырда «Ақмолинская правда» газетінде жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған қаулымен бекітілген жекешелендіруге жататын коммуналдық меншік нысандарының тізбесінде:

реттік нөмірі 49-жолында «№ 1 жатын корпусының ғимараты» сөздері «№ 1 негізгі тұрғын үй корпусы» сөздерімен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 50-жолында «№ 2 жатын корпусының ғимараты» сөздері «№ 2 шлактан құйылған корпус» сөздерімен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 52-жолында «әкімшілік–шаруашылық ғимараты» сөздері «әкімшілік–шаруашылық корпусы» сөздерімен ауыстырылсын;

реттік нөмірлері 27, 85-жолдары алынып тасталсын;

келесі мазмұндағы реттік нөмірлері 161-166 жолдарымен толықтырылсын:

161	Қойма ғимараты	Астрахан ауданы, Первомайка с.	«Астрахан ауданының Первомай селолық округі әкімінің аппараты» ММ
162	Автотұрақ ғимараты	Астрахан ауданы, Первомайка с.	«Астрахан ауданы Первомай селолық округі әкімінің аппараты» ММ

163	Күрке	Астрахан ауданы, Первомайка с.	«Астрахан ауданы Первомай селолық округі әкімінің аппараты» ММ
164	Көкөніс қоймасы	Астрахан ауданы, Первомайка с.	«Астрахан ауданы Первомай селолық округі әкімінің аппараты» ММ
165	Қазандық ғимараты	Астрахан ауданы, Первомайка с.	«Астрахан ауданы Первомай селолық округі әкімінің аппараты» ММ
166	1993 жылы шыққан, мемлекеттік нөмірі С 166 КР, УАЗ 3306 автомашинасы	Көкшетау қ., Капцевич к-сі, 220	«ҚР ІІМ Ақмола облысының ішкі істер департаменті» ММ

2. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақмола облысының әкімі*

*С. Дьяченко*